**Зайсан ауданы бойынша 2020 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 17 ақпандағы № 68 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 ақпанда № 6734 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.
Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Зайсан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2020 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Зайсан ауданы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Зайсан ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 6 наурыздағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5764 тіркелген, 2019 жылғы 30 наурыздағы " Достық" газетінде және 2019 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) № 171 қаулысының және "Зайсан ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 6 наурыздағы Зайсан ауданы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" № 171 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Зайсан ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 17 қыркүйектегі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6169 тіркелген, 2019 жылғы 05 қазандағы "Достық" газетінде және 2019 жылғы 26 қыркүйекте Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) № 470 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Зайсан ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғанынан кейін осы қаулының Зайсан ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Зайсан ауданы әкімінің орынбасары Қ. Чилибаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Зайсан ауданының әкімі* *С. Ақтанов*

Зайсан ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 17 ақпаны
№ 68 қаулысына қосымша

## Зайсан ауданы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 20.10.2020 № 578 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Ұйымның атауы | Тәрбиеленушілер саны,(адам) | | | Айына бір тәрбиеленушінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшері, теңге | | Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | соның ішінде: | | соның ішінде: | | |
| | | | Толық күн болатын | Толық емес күн болатын | Толық күн болатын | Толық емес күн болатын | |
| 1 | Зайсан қала әкімі аппаратының "Зайсан қаласындағы "Еңлік" бөбекжай- бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 140 | 140 | | 32368 | | 3 жасқа дейін 8800, 3-6 жас аралығында 9300 |
| 2 | Зайсан қала әкімі аппаратының "Зайсан қаласындағы "Ертөстік" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 140 | 140 | | 32368 | | 3 жасқа дейін 8800, 3-6 жас аралығында 9300 |
| 3 | Зайсан қала әкімі аппаратының "Зайсан қаласындағы "Айналайын" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық | 95 | 95 | | 32368 | | 3 жасқа дейін 8800, 3-6 жас |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | | | | | | аралығында 9300 |
| 4 | Зайсан қала әкімі аппаратының " Зайсан қаласындағы "Балдәурен" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 120 | 120 | | 32368 | | 3 жасқа дейін 8800, 3-6 жас аралығында 9300 |
| 5 | Сарытерек ауылдық округ әкімі аппаратының Сарытерек ауылындағы "Балауса" бөбекжай-бақша" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 50 | 50 | | 34755 | | 3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500 |
| 6 | Дайыр ауылдық округ әкімі аппаратының Дайыр ауылындағы " Балғын" бөбекжай-бақша" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 50 | 50 | | 34755 | | 3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500 |
| 7 | Айнабұлақ ауылдық округ әкімі аппаратының Айнабұлақ ауылындағы "Балдырған" бөбекжай-бақша" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 50 | 50 | | 34755 | | 3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500 |
| 8 | Жеке меншік "Азамат" балабақшасы | 25 | 25 | | 27222 | | 3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500 |
| 9 | Жекеменшік "Балбөбек" балабақшасы | 50 | 50 | | 27222 | | 3 жасқа дейін 8800, 3-6 жас аралығында 9300 |
| 10 | Жекеменшік "Балапан" балабақшасы (Зайсан қаласы, Позиция көшесі,7) | 60 | 60 | | 27222 | | 3 жасқа дейін 8800, 3-6 жас аралығында 9300 |
| 11 | Жекеменшік "Балапан" балабақшасы (Зайсан қаласы, Сатпаев көшесі, 4) | 50 | 60 | | 32845 | | 3 жасқа дейін 9500, 3-6 жас аралығында 10000 |
| 12 | "Даулет" жеке меншік балабақшасы | 35 | 35 | | 27222 | | 3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500 |
| 13 | "Happy baby" жеке меншік балабақшасы | 87 | 87 | | 27222 | | 3 жасқа дейін 9500, 3-6 жас аралығында 10000 |
| 14 | "Күншуақ" бөбекжай балабақшасы | 75 | 75 | | 27222 | | 3 жасқа дейін 9500, 3-6 жас |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | аралығында 10000 |
| 15 | "Мәдина" жеке меншік балабақшасы | 30 | 30 | | 32901 | | 3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500 |
| 16 | "Анель" жеке меншік балабақшасы | 50 | 50 | | 32901 | | 3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500 |
| 17 | Зайсан ауданы әкімдігінің " Амангелді орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық | 25 | 25 | | 19229 | | 3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500 |
| 18 | Зайсан ауданы әкімдігінің "Абай атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық | 50 | 25 | | 19229 | | 3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500 |
| 19 | Зайсан ауданы әкімдігінің "Шілікті орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық | 25 | 25 | | 19229 | | 3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500 |
| 20 | Зайсан ауданы әкімдігінің " Октябрь шағын жинақты негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанынан құрылған шағын орталық | 10 | 10 | | 19229 | | 3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500 |
| 21 | Зайсан ауданы әкімдігінің "Шағын жинақталған Саржыра негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанынан құрылған шағын орталық | 12 | 12 | | 19229 | | 3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500 |
| 22 | Зайсан ауданы әкімдігінің "Кеңсай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық | 50 | 50 | | 19229 | | 3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500 |
| 23 | Зайсан ауданы әкімдігінің "Жарсу орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық | 25 | 25 | | 19229 | | 3 жасқа дейін 5000, 3-6 жасаралығында 5500 |
| 24 | Зайсан ауданы әкімдігінің " С.Биқадамов атындағы шағын жинақталған бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық | 12 | | 12 | | 13550 | 3 жасқа дейін 4000, 3-6 жас аралығында 4500 |
| | Зайсан ауданы әкімдігінің " А.Орманбетов атындағы шағын жинақты негізгі орта мектебі" | | | | | | 3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 25 | коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық | 14 | 14 | | 19229 | | аралығында 5500 |
| 26 | Зайсан ауданы әкімдігінің "Көгедай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық | 25 | | 25 | | 13550 | 3 жасқа дейін 4000, 3-6 жас аралығында 4500 |
| 27 | Зайсан ауданы әкімдігінің " Жамбыл атындағы шағын жинақты негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық | 17 | | 17 | | 13550 | 3 жасқа дейін 4500, 3-6 жас аралығында 5000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК